

Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 9-1/613 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 8 желтоқсанда № 9939 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 232 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2016 № 232 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1 тармақтың 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.10.2015 № 18-03/947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін вице-министрге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланнан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

«КЕЛІСІЛГЕН»

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Ұлттық экономика министрі

_____ Б. Сұлтанов

_____ Е. Досаев

2014 жылғы 24 қараша

2014 жылғы 24 қараша

Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тәртібі мен шарттарын а й қ ы н д а й д ы .

2. Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) субъектілеріне қаржылық қызметтердің қолжетімдігін арттыру болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларының шартты мал басы – осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының шартты ірі қара мал басына айналдыру коэффициенттеріне сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының бас санын ірі қара малдың шартты мал басына ауыстыру;

2) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

3) комиссия – әкімшінің мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдардың, қаржы институттары мен мүдделі салалық қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысатын, әкімші басшысының орынбасары басқаратын консультациялық-кеңесші орган;

4) кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарты – әкімші, қаржы институты және оператор арасында жасалатын, қаражат аударудың тәртібі мен шарттарын, тараптардың жауапкершілігін, қарыз алушылардың тізбесін көздейтін жазбаша келісім, оған сәйкес әкімші қарыз

алушының қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін
с у б с и д и я л а й д ы ;

5) қарыз шарты – кредиттік шарт – қаржы институты мен қарыз алушы арасында жасалатын шарт, оның шарттарына сәйкес қаржы институты кредит/
л и з и н г ұ с ы н а д ы ;

6) қаржы институттары – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларын жүзеге асыру құқығына лицензиялары бар кредиттік ұйымдар, сондай-ақ АӨК саласындағы лизингтік компаниялар мен кредиттік серіктестіктер;

7) қарыз алушы – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен және/немесе өңдеумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарын қоса алғанда, меншік нысанына қарамастан жеке, заңды тұлға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және өткізу бойынша қызметтерді көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

8) қызмет көрсетуші банк – қарыз шарттары бойынша субсидияларды аударуға және есептен шығаруға арналған қаржы институтының арнайы ағымдағы шотын жүргізу бойынша функцияларды жүзеге асыруға қаржы институты уәкілеттік берген (заңды тұлғалардың банктік шоттарын жүргізуге және ашуға құқығы жоқ лизингтік компаниялар мен ауылдық кредиттік серіктестіктер үшін) екінші деңгейдегі банк;

9) лизинг – қаржы институтының кәсіпкерлік мақсаттар үшін кейіннен сатып алу құқығымен ауыл шаруашылығы техникасын, технологиялық жабдықты уақытша иеленуге және пайдалануға беруі;

10) оператор – қарыз шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша оператордың қызметін көрсету жөніндегі шарт негізінде АӨК саласындағы мамандандырылған ұйым ретінде тартылатын «Қазагромеркетинг» акционерлік қоғамы;

11) субсидиялау – қарыз шарттары бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін ішінара арзандату үшін пайдаланылатын қарыз алушыны мемлекеттік қаржылық қолдау нысаны;

12) технологиялық жабдық – тікелей және қосалқы мақсаттағы жабдықтардан тұратын, оларды қолданбаусыз толық технологиялық цикл қамтамасыз етілмейтін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен қайта өңдеу жөніндегі ж а б д ы қ т а р ;

4 . С у б с и д и я л а у ғ а :

1) айналым қаражаттарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және қ ұ р ы л ы с қ а ;

2) технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне бағытталған АӨК саласындағы қарыз шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемері ж а т а д ы .

Субсидиялау қайтарымды лизинг, қосалқы лизинг шарттары бойынша жүзеге асырылмады.

Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бұрын жасалған субсидиялау шарттарын ескере отырып, тиісті қаржы жылының тиісті бюджеттік бағдарламасы шеңберінде көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

Субсидиялауға, сондай-ақ, нысаналы мақсаты қарызға алынған қаражатты толық немесе ішінара өтеу болып табылатын, осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген нысаналы мақсатты қарыз шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемелері жатады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Комиссия мақұлдаған қарыз шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарттардың бүкіл қолданылу мерзімінде жүзеге асырылады.

Қарыз шарттарының қолданылу мерзімдері ұзартылған кезде субсидиялау мерзімдері ұзартылмады.

Қарыз шарттарының талаптары өзгерген жағдайда, бұрын комиссия мақұлданған және жылдар бойынша аударған субсидиялар сомалары артпайды, субсидиялау мерзімдері ұзартылмайды. Сыйақы сомасы азайған жағдайда, субсидиялар сомаларын азаю жағына қайта әр жыл бойынша жеке-жеке есептеу жүргізіледі.

Субсидиялар көлемдерін есептеу қаржы институттары бұрын берген қарыз шарттары бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте субсидияларды есептеу операторға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға арналған өтінім (бұдан әрі – субсидиялауға арналған өтінім) берілген жылдың 1 қаңтарынан басталады.

Операторға субсидиялауға арналған өтінім берген жылы жасалған қарыз шарттары бойынша субсидия көлемдерін есептеу кредит немесе лизинг нысанасын берген сәттен басталады.

Қаржы институты шетелдік валютамен берген кредит/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау әкімшінің субсидиялар сомасын қаржы институттарына аударуы күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен жүзеге асырылады. Оң бағамдық айырмашылық жағдайында, оны болашақ субсидиялар есебіне қосып есептейді, ал егер кері бағамдық айырмашылық пайда болған жағдайда, оны қарыз алушы төлейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тәртібі

6. Әкімші мен оператор арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеу үшін тиісті қаржы жылының 15 қаңтарынан кешіктірмей оператор қызметтеріне төлеу сомаларын көрсете отырып, оператордың қызметтер ұсыну тәртібін, шарттарын, сондай-ақ тараптардың жауапкершіліктерін және өзге де шарттарды көздейтін кредиттер/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша оператордың қызметтерін көрсету жөніндегі шарт (бұдан әрі – қызметтер көрсету жөніндегі шарт) жасалады.

7. Оператордың көрсететін қызметтерін әкімші тиісті қаржы жылына жасалатын қызметтер көрсету жөніндегі шартқа сәйкес, тиісті бюджеттік бағдарламада көзделген қаражат шегінде төлейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Қарыз алушылардың кредиттерін/лизингін субсидиялауды жүзеге асыру үшін оператор қызметтер көрсету жөніндегі шарт күшіне енгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және өзінің интернет-ресурсына (әкімші өзінің интернет-ресурсына тиісті хабарландыру орналастырады) сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қаржы институттарынан құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру орналастырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.10.2015 № 18-03/947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Субсидиялау кредиттік шарттар бойынша теңгемен жылдық 14 %-дан артық емес және шетелдік валютамен жылдық 10 (он) %-дан артық емес бекітілген номиналды сыйақы мөлшерлемесімен жүзеге асырылады, оның бір бөлігін мемлекет субсидиялайды, ал қалған бөлігін қарыз алушы төлейді.

10. Кредиттік шарттар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны теңгемен жылдық 7 (жеті) %-ға және шетелдік валютамен жылдық 5 (бес) %-ға төмендету

ж о л ы м е н

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

11. Сыйақы мөлшерлемесін теңгемен жылдық 10 (он) %-ға және шетелдік валютамен жылдық 7 (жеті) %-ға төмендету жолымен оны субсидиялау мыналар:

«Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары-резиденттерімен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімді жасасудың, оның талаптары мен үлгі нысанының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі - Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2010 жылғы 11 маусымдағы № 113 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6299 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасқан кәсіпорындардан ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға арналған;

мамандандырылған ұйымдардың мал шаруашылығымен айналысатын агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін жемшөппен қамтамасыз етуге арналған;

мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі саласындағы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының мынадай түрлерін (жиынтықта) сатып алуға арналған қарыз шарттары бойынша жүзеге асырылады:

1) комбайндар, тракторлар, тракторлық тіркемелер, сепкіштер, су таситын т е х н и к а л а р ;

2) өздігінен жүретін және тіркемелі дестелегіштер;

3) жұмыс органдары ауыстырмалы құрама әмбебап аспалар;

4) м е х а н и к а л ы қ к ү р е к т е р ;

5) тырмалардың, соқалардың, қопсытқыштардың барлық түрі;

6) с у а р а т ы н ж ү й е л е р ;

7) тырмалар, аударғыштар, ысырғыштар, десте қалауыштар, десте ж а с а у ы ш т а р ;

8) жемшөп жинайтын комбайндар, жемшөп жинайтын машиналар;

9) нығыздап-сораптаушы, пішен маялағыштар;

10) жемшөп араластырғыштар, жемшөп үлестіргіштер, ұсатқыштар, араластырғыштар және ұсақтағыштар;

11) тиеуіштер және теңдер мен оралған шөптерді тасымалдауға арналған арбалар, оралған шөпті кескіш пен оралған шөпті жіппен орауыш;

1 2) с а у у қ о н д ы р ғ ы л а р ы ;

13) мал шаруашылығы фермаларына арналған шетен қора жабдығы және көң ш ы ғ а р у ж ү й е с і ;

14) автонауалар, жеке науалар;

15) құрама жем қондырғылары және шағын зауыттар;

16) сүт салқындатқыштар және салқындатқыш-танктер;

1 7) с ү т т а л д а ғ ы ш т а р ;

18) сүт қабылдауға арналған қондырғылар;

- 19) пастеризаторлар;
20) өзі құйып алатын сепараторлар;
21) деаэраторлар;
22) сүттің майлылығын автоматты түрде стандарттау қондырғылары;
23) мал тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдары;
24) сүт тасығыштар;
25) зооветеринариялық өңдеуге арналған бекіткіш-станоктар;
26) шалғылар (өздігінен жүретін, аспалы, роторлық, дискілі, тіркемелі, жартылай аспалы, жаныштағыштар, ұсақтағыш-шалғылар);
27) ауыл шаруашылығы малдарын жаюға және ұстауға арналған жабдықтар, сондай-ақ мал шаруашылығында қолданылатын озық технологиялар (электрлі қоршаулар, электр энергиясының балама көздері, су көтеруге арналған жел сорғылары, радиобайланыс және бейнебақылау жүйелері, GPS навигация жүйелері).

Қарыз шартында осы тармақтың 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген техникалар мен жабдықтарды сатып алу көзделген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы өзінде ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің деректер базасында тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларының кемінде 50 (елу) шартты мал басының немесе жемшөп дақылдарын өсіруге пайдаланатын жер учаскелерінің бар екендігі туралы растауды қосымша ұсынады. Бұл жағдайда, субсидиялауға бір қарыз алушыға әр түрден техника мен жабдықтың бір бірлігі ғана жатады.

Бір түрдегі техника мен жабдықтың екінші және одан кейінгі бірліктері қарыз алушыда талап етілетін нормативке сәйкес жеткілікті ауыл шаруашылығы жануарларының басы немесе жемшөп дақылдарын өсіретін жерлері болған жағдайда осы тармақта көрсетілген талаптар бойынша субсидияланады.

Бір түрдегі техника мен жабдықтың бір бірлігіне мал басының жол берілген нормативі ауыл шаруашылығы жануарларының 200 шартты басын немесе жемшөп дақылдарын өсіру үшін пайдаланылатын 300 (үш жүз) гектар жерді құрайды.

Осы тармақтың шарттарына сәйкес субсидияланатын бір түрдегі техника мен жабдықтың екінші және одан кейінгі бірліктері осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген мал шаруашылығы мен жемшөп өндірісі саласындағы бір түрдегі техника мен жабдықтың екінші және одан кейінгі бірліктерін субсидиялау есебіне сәйкес айқындалады.

Егер, бір қарыз шартында да осы тармақта баяндалған субсидиялау талаптарына сәйкес келмейтін ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу көзделген болса, қаржы институты/қарыз алушы бөлек төлем кестесін береді.

Бөлек төлем кестесі ұсынылмаған жағдайда, субсидиялау осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Егер қарыз алушының қарыз шарттары бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігіне тең немесе аз болса, онда кредиттік шарттар бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі толық субсидияланады.

13. Басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде қолдау жүзеге асырылатын қарыз шарттары, сондай-ақ республикалық бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған қарыз шарттары субсидиялауға жатпайды.

Қаржы институтына субсидиялауға арналған өтінім берілген күнге негізгі қарыздар мен сыйақыны өтеу бойынша орындалмаған міндеттемелері бар қарыз шарттары субсидиялауға жатпайды.

Комиссия субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған қарыз шарттарының бағдарламаға қайта қатыстырылуына жол берілмейді.

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға комиссия субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған кредитті/лизингті қайта қаржыландыруға бағытталған қарыз шарттары жатпайды.

Кредиттер/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қарыздарды кепілдендіру және сақтандыру, негізгі құралдарды (оның ішінде биологиялық активтерді) сатып алу кезінде оның құнын арзандатуды субсидиялау, жаңа өндірістік қуаттар құруға не қолданыстағыларын кеңейтуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектілері шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларымен қатар жүреді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Қаржы институттары/қарыз алушылар мынадай құжаттарды қалыптастырады және оларды операторға жолдайды:
1) субсидиялауға арналған өтінім.

Бұл ретте, субсидиялауға арналған өтінімге қоса мыналар беріледі: қаржы институты мен қарыз алушы арасында жасалған, негізгі борыш пен сыйақыны өтеу кестесі қоса берілген қарыз шартының қаржы институты куәландырған көшірмесі, сондай-ақ, қағаз түріндегі және редакцияланатын

электрондық форматтағы сыйақы мөлшерлемелерінің субсидияланатын/ субсидияланбайтын есептеулері қоса берілген жаңартылған кестенің жобасы; кредитті/лизингті мақсатты пайдаланғандығын растайтын, қаржы институты куәландырған құжаттардың көшірмелері: кредиттік қарызды мақсатты пайдалану актісі, кредит алғаны туралы қарыз алушының несиелік шотынан үзінді-көшірмелер (екінші деңгейдегі банктер үшін) немесе кредиттің аударылғанын/лизинг нысанасының берілгенін растайтын құжаттан үзінді-көшірмелер;

егер субсидиялауға арналған өтінімге қаржы институтының бірінші басшысы қол қоймаған болса, басқа адамның қол қою құқығына арналған сенімхаттың немесе бұйрықтың көшірмесі;

қарыз алушының кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасына қатысуына келісу туралы қаржы институтының хаты (қарыз алушы субсидиялауға арналған өтінім берген жағдайда ұсынылады);

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің деректер базасынан үзінді-көшірме немесе уәкілетті мемлекеттік органнан жемшөп дақылдары себілген алаңдар туралы растама;

қаржы институты куәландырған айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа, сондай-ақ технологиялық жабдықты, ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алуға арналған бастапқы кредиттік шарттардың көшірмелері;

2) бар болса, банк операцияларын жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесі (бір рет - алғашқы өтінім беру кезінде ұсынылады).

Субсидиялауға арналған өтінімге қаржы институтының уәкілетті адамы немесе қол қою құқығына сенімхаты бар адам қол қоюы және ол қаржы институтының мөрімен бекітілуі тиіс. Бұл ретте қаржы институтының филиалдарынан (өкілдіктерінен) жекелеген өтінімдер қабылданбайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Осы Қағидалар шеңберінде субсидия қаражаттарын бөлу үшін әкімші құрамында комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары, мүшелері және хатшысы бар, әкімші басшысының бұйрығымен бекітілетін комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады. Бұл ретте комиссияның сандық құрамы тақ болуы және жеті адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды.

16. Егер комиссия отырысына мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен

екісі қатысса, комиссияның отырысы заңды болып есептеледі.

17. Субсидияландыру үшін өтінімдер мен осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы болған жағдайда оператор:

1) құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді;

2) осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы қорытынды ресімдеуді жүзеге асырады, Қағидалардың талаптарына сәйкес сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау пайызын ұсынады және әрбір қарыз шарты бойынша тиесілі субсидиялар көлемінің есебін жүргізеді;

3) әкімшіге электрондық жеткізгіште осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген құжаттарды, қарыз алушылардың осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы оператордың қорытындысын, әрбір қарыз шарты бойынша тиесілі субсидиялар көлемінің есебін жолдайды;

4) комиссияның отырысын шақырады. Комиссияның отырысын өткізу орнын, уақыты мен күнін комиссия төрағасымен келісім бойынша оператор айқындайды.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Қарыз алушылардың субсидияландыру үшін өтінімдерін мақұлдау/мақұлдамау туралы шешімді комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдайды және хаттама түрінде рәсімделеді. Өтінімі қаралатын қарыз алушыны білдіретін немесе субсидияландыру үшін өтінімді берген қаржы институтын білдіретін комиссия мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

Бұл ретте комиссия қарыз алушылардың өтінімдерін мақұлдау/мақұлдамау туралы шешім қабылдау кезінде оператордың қорытындысын және осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген құжаттарды басшылыққа алады.

19. Комиссияның хаттамалық шешімінде:

1) қаржы институтының атауы және орналасқан жері;

2) мақұлданған/мақұлданбаған қарыз алушылардың атаулы тізбесін, бас тарту себептері;

3) қарыз алушылардың әрбір қарыз шарттары бойынша кредит/лизинг сомасы;

4) әрбір қарыз алушы бойынша әрбір қарыз шартының әрекет ету мерзімі;

5) әрбір қарыз шарты бойынша субсидиялау мерзімі;

6) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша нысаналы мақсатын;

7) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесінің пайызы;

8) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша субсидияның жалпы сомасы қ а м т ы л а д ы .

20. Осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген АӨК саласындағы басым қызметтер түрлерін субсидияландыру үшін өтінімді қарастыру мынадай кезекті сақтай отырып: бірінші кезекте лизингтік шарттары, екінші кезекте кредиттік шарттар бойынша, Операторға субсидияландыру үшін өтінім түскен күннен жуық уақыттағы комиссия отырысында жүзеге асырылады.

Бұл ретте, бюджетте көзделген қаражаттың кемінде 50 (елу) %-ы осы Қағидаларға 4-қосымшада көзделген ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу қызметімен айналысатын қарыз алушылардың қарыз шарттарын субсидиялауға бағытталады. Тиісті қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша бөлінбеген көрсетілген қаражат болған жағдайда, комиссия оларды осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес АӨК саласындағы қызметтің басқа түрлеріне қайта бөледі.

Қызметтің басым түрлеріне қосылмаған АӨК саласындағы қызметтің қалған түрлері осы Қағидаларға 4-қосымшада көзделген, АӨК саласындағы басымды қызмет түрлері бойынша қажеттіліктер комиссияның бір отырысы шеңберінде толық қанағаттандырылғаннан кейін қаралатын болады.

21. Егер бюджетте көзделген қаражат барлық өтінімдерді субсидиялау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, субсидиялар сомасын бір отырыс шеңберінде бөлу осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген АӨК саласындағы қызметтер түрлерінің басымдылығына сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте қызметтердің көрсетілген түрлерінің басымдылығы келесі кезектіліктің субсидияландыру үшін өтінімдерді қанағаттандыруға көшкенге дейін жоғары тұрған кезектіліктің қажеттілігін толық қанағаттандыруды көздейді . Бір кезектілік шеңберінде субсидиялар сомасын бөлу қарыз алушының өтінім ұсыну күніне байланысты жүзеге асырылады.

22. Оператор комиссия отырысының күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде комиссия мүшелерінің қолдарын жинайды және қол қойылғаннан кейін бір күндік мерзімде субсидиялау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің хатшының қолы қойылған, мөрмен расталған түпнұсқасын комиссия мүшелері хаттамаға қол қойғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен жолдай отырып, осы үзінді көшірмені қаржы институтына/қарыз алушыға электрондық почта арқылы жолдайды.

23. Кредиттік шарттар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау үшін ақша ұсыну кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарттарына сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі – субсидиялау ш а р т ы) .

24. Субсидиялау шарты осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша комиссия шешімі негізінде жасалады.

25. Субсидиялау шартына қол қою тәртібі:

1) оператор мен қаржы институты арасында – қаржы институты субсидиялау бойынша оң шешім туралы комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің түпнұсқасын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;

2) әкімші – оператордан субсидиялау шартын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

26. Қаржы институты сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін алу үшін операторға Субсидиялау шартының 1-қосымшасына сәйкес үлгіде, республикалық бюджеттен кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидияландыру үшін қаржы аударуға өтінімді (аудару өтінімі) жолдайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.10.2015 № 18-03/947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім сомасының субсидиялау шарттары бойынша субсидиялау шартының 2 қосымшасына сәйкес, қарыз алушылардың субсидиялау кестелерімен аудару өтінімі сомасының сәйкестігін, сондай-ақ субсидиялау шартының 3 қосымшасына сәйкес үлгіде, субсидияларды нақты пайдалану туралы есепті тексеруді жүзеге асырады және әкімшіге қосымшасында субсидиялау үшін кезекті ақша траншын аударуға өтінімімен хат енгізеді. Субсидияларды аударуға бірінші өтінім берген кезде субсидияны нақты пайдалану туралы есепті ұсыну талап етілмейді.

28. Қаржы институты жасалған субсидиялау шарттары бойынша субсидиялар сомаларын әкімшінің аударуы үшін арнайы банктік шот ашады, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда қызмет көрсетуші банкте арнайы шот ашады.

29. Жасалған субсидиялау шартына сәйкес әкімші сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына алдыңғы тоқсанның соңғы айында аванстық төлеммен аударыды. Бұл үшін әкімші 3 (үш) жұмыс күні ішінде оператордың өтінімі негізінде тиісті төлем шоттарын қазынашылық органдарға жолдайды.

30. Қаржы институты арнайы банктік шоттағы ақшалай қаражатты тек қарыз алушылардың қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бір бөлігін өтеуге пайдаланады.

31. Қаржы институты қарыз алушыдан сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігін алған кезде (осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда) қарыз шартқа өтеу кестесіне сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін арнайы банктік шоттан есептен

шығаруды

жүзеге

асырады.

32. Қарыз алушы кредиттік шарттың кестесі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін толық өтеген жағдайда, қаржы институты арнайы банктік шоттан қарыз алушының есептік шотына субсидиялар сомасын аудару жолымен сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтеуді жүзеге асырады.

33. Қаржы институты тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін және жыл соңында 10 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақпарат) операторға қаржы институты куәландырған арнайы банктік шоттан үзінді-көшірмені қоса бере отырып, субсидиялау шартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есепті ұсынады. Оператор тоқсан сайынғы негізде есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін және жыл соңында 15 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақпарат) әкімшіге төлемдер мониторингін береді

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Оператор қаржы институтынан субсидиялау туралы есепті алғаннан кейін оған сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігінің төленген қаражатының осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі тұрғысынан талдау жүргізеді.

35. Қолданыстағы қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақыны төлеу мерзімдері, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге шегеруді ұсыну) өзгерген жағдайда, қаржы институты операторға қаржыландыру шарттарының өзгеруі жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін қоса отырып хат, негізгі борышты, сыйақыны, субсидия көлемін өтеудің жаңартылған кестесін жолдайды. Бұл ретте, қолданыстағы қарыз шартының талаптарын қарыз алушының келісімімен ғана өзгертуге болады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Оператор осы Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын қабылдайды, негізгі борышты және сыйақыны өтеудің мерзімі жаңартылған кестесін есептеудің дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады және қолданыстағы кредиттік шарттың талаптарын өзгерту жөніндегі хатты алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей қорытынды жасайды және құжаттарды комиссияның кезекті отырысында қарау үшін жолдайды.

Комиссияның оң шешімі болған жағдайда тиісті өзгерістер субсидиялау ш а р т ы н а е н г і з і л е д і .

37. Қарыз алушы қарыз шарты бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда, қаржы институты есептелген сыйақы фактісі бойынша

есептелген субсидияларды есепке қосуды жүргізеді.

38. Субсидиялауды тоқтату комиссияның шешімі бойынша:

1) қарыз алушының мерзімі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша орындалмаған міндеттемелері б о л ғ а н ;

2) қарыз шарты бойынша қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны;

3) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша қарыз алушының шотына тыйым с а л ы н ғ а н ;

4) қарыз алушы қарыз шарты бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толығымен өтеген;

5) қарыз алушы бюджеттік субсидияны алудан бас тартуы туралы жазбаша ө т і н ғ е н ;

б) қарыз шартты бұзған жағдайда жүзеге асырылады.

39. Осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша субсидиялауды тоқтату қаржы институтының бастамасы бойынша жүзеге асырылады, ол өзіне көрсетілген фактілер туралы белгілі болған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде тиісті өтінімді операторға беруі тиіс. Оператор қаржы институты ұсынған өтінім негізінде қарыз алушының сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды тоқтату туралы мәселені комиссияның кезекті отырысының қарауына шығарады.

40. Оператор субсидиялау жөніндегі комиссия субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің себептерін көрсете отырып, қаржы институты мен қарыз алушыны хатпен хабардар етеді, одан кейін қаржы институты пайдаланылмаған субсидиялар сомасын республикалық бюджет кірісіне қайтаруды жүргізеді.

Кредиттер, сондай-ақ
технологиялық жабдықтың және
ауыл шаруашылығы
техникасының лизингі бойынша
сыйақы мөлшерлемелерін
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын ірі қара малдың шартты мал басына ауыстыру коэффициенті

Малдың түрлері	Ауыстыру коэффициенті
Ірі қара мал	1

Шошқа	0,3
Қой және ешкі	0,1
Түйе	1
Жылқы	1

Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына 2-қосымша

Үлгі

Кредиттер/лизинг бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға өтінім

Қ а р ж ы

институты: _____

(қаржы институтының атауы)

Қ а р ы з

алушы: _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә) жеке тұлға
н е м е с е

заңы тұлғаның толық атауы)

Кімге: _____

(оператордың атауы)

1. Қатысушы туралы мәліметтер

1	Қарыз алушының атауы
2	Бірінші басшының Т.А.Ә.
3	Қарыз алушыны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың нөмірі және күні (нөмірі, берілген жері мен күні, БСН/ЖСН)
4	ӘҚЖЖ бойынша қызметтің түрі
5	Заңды мекенжайы
6	Нақты мекенжайы
7	Банк деректемелері
8	Байланыс телефондары
9	Осы өтінімде көрсетілген, АӨК саласында алдыңғы алынған кредиттер бойынша субсидиялар, сондай-ақ техникалық жабдыктар және ауыл шаруашылығы техникалары бойынша лизингі туралы мәлімет (бар болса): шарт №, күні, сомасы, қаржы институтының атауы

2. Субсидиялауға жататын Кредит беру шарттары (бұдан әрі – КШ) туралы ақпарат

№	К Ш (№ және күні)	Сомасы , теңге	Сыйақы мөлшерлемесі , %	Көрсетілген күнге негізгі қарыз бойынша борыш қалдығы	КШ қолданылу мерзімінің аяқталу күні	Кредит беру валютасы
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						
№	Кредит берудің/лизингтің мақсаты*			Кредиттің/лизингтің нысанасы, саны		Лизинг нысанасын өндіруші ел
8				9	10	
1						
2						
3						

*айналым қаражаттын толықтыру/ негізгі қаражатты алу/ құрылыс/ технологиялық жабдықтарды және ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу (к е р е г і н к о ю)

О с ы м е н :

1) қарыз алушының кредиттік және лизингтік шарттары бойынша басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау түрінде қолдау көрсетілмейтіні;

2) қаржылық берешегін және жеделдетілген сауықтыру рәсімін қайта құрылымдау жағдайларын қоспағанда, қарыз алушының қызметі ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмағаны, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатылмағаны расталады.

Қарыз алушының Т.А.Ә. және қолы _____ М . О .

Қаржы институтының бірінші басшысының Т.А.Ә. және қолы _____

М . О .

Қаржы институтының/қарыз алушының өтінім берген күні 20__ ж. «__» _____
 Оператордың өтінімді қабылдаған күні 20__ ж. «__» _____

Өтінімді қабылдаған адамның Т.А.Ә. және _____ телефон нөмірі

Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша

Мал шаруашылығы мен жемшөп өндірісі саласындағы бір түрдегі екінші және одан кейінгі бірліктегі техникалар мен жабдықтарды субсидиялау есебі.

$$W_k = W_j / N, \text{ б ұ н д а :}$$

W_k – субсидиялауға жататын бір түрдегі техника мен жабдықтар саны;

W_j – осы қағидалардың 1 қосымшада көрсетілген коэффициентке сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының басын ірі қара малдың шартты басына есептелген, қарыз алушыда тіркелген ауыл шаруашылық жануарларының саны немесе жемшөп дақылдарын өсіруге пайдаланатын жер көлемі;

N – ұ й ғ а р ы м д ы н о р м а т и в .

Егерде бөлшек сандар шыққан жағдайда нәтижесін азайту жағына қарай толық санға айналдырылады.

Агроөнеркәсіптік кешені саласындағы басымды қызмет түрлері

Е т т і м а л ш а р у а ш ы л ы ғ ы :

- 1) ірі қара мал үшін репродукторға негізгі және/немесе айналым қаражатын алу ;
- 2) етті мал шаруашылығында жемшөп өндірісі үшін суару жүйелеріне негізгі және/немесе айналым қаражатын алу ;
- 3) ірі қара мал өсіру үшін тауарлы фермаларға негізгі және/немесе айналым қаражатын алу ;
- 4) бордақылау алаңына негізгі және/немесе айналым қаражатын алу ;
- 5) ірі қара малдың импорттық асыл тұқымды мал басын сатып алу ;
- 6) отандық асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу (аналық мал басы мен асыл тұқымды бұқалар) .

С ү т т і м а л ш а р у а ш ы л ы ғ ы :

- 1) сүтті-тауарлы фермаларда азық өндірісі үшін суару жүйелеріне негізгі және/немесе айналым қаражатын алу ;
- 2) сүтті-тауарлы фермаларға ірі қара малдың асыл тұқымды мал басын сатып алу .

Қ о й ш а р у а ш ы л ы ғ ы :

- 1) тауарлы фермаларға негізгі және/немесе айналым қаражатын алу ;

2) қойлардың аналық мал басын сатып алу.

Бақтар отырғызуға негізгі және/немесе айналым қаражатын алу (қарқынды, отбасылық).

Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу:

1) сүт бойынша сервистік-дайындау орталықтарына негізгі және/немесе айналым қаражатын алу;

2) сүт өңдейтін кәсіпорындардың негізгі және/немесе айналым қаражатын алуы;

3) ет өңдейтін кәсіпорындардың, ет комбинаттарының негізгі және/немесе айналым қаражатын алуы;

4) сүт таситын, мал таситын, тоңазытқыш көлік құралдарын алу.

Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына 5-қосымша

Үлгі

Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шарты

Астана қ. 20__ жылғы «__» _____

Бұдан әрі «Әкімші» деп аталатын, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі атынан, 20__ жылғы _____ № _____ сенімхаттың негізінде әрекет ететін, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі _____, бір тараптан, бұдан әрі «Оператор» деп аталатын, «Қазагромеркетинг» АҚ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, _____, екінші тараптан және бұдан әрі «Қаржы институты» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін, _____, үшінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жекелеп «Тарап» деп аталатындар, төмендегілер туралы Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларының 3-тармағында көрсетілген терминдер мен

2. Шарттың нысанасы

2. Осы Шарт қаржы институтына ақша қаражатын аудару тәртібі мен шарттарын, қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының есептен шығару процесіне Оператордың мониторинг жүргізу шарттарын, Тараптардың жауапкершіліктері мен өзге де шарттарды көздейді.

3. Шарттың талаптары

3. Осы шарт бойынша әкімші Шартта айқындалатын талаптарда, осы Шартқа 2-қосымшада көрсетілген қарыз алушыларды субсидиялау кестесіне (бұдан әрі - субсидиялау кестесі) сәйкес тиісті «Ауыл шаруашылығын қолдауға берілетін кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген ақша сомасы шегінде субсидиялауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы Шарт бойынша субсидия сомасы қарыз алушы өзінің субсидиялау кестесінде көрсетілген міндеттемелерін ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеген жағдайда немесе Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында көзделген өзге де жағдайларда түзетілуі мүмкін.

4. Қаржы институты сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін алу үшін Операторға республикалық бюджеттен қаражат аударуға кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау үшін осы Шарттың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді жолдайды, бұл ретте субсидия сомасы субсидиялау кестесіне сәйкес айқындалады.

5. Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім сомасының субсидиялау кестесіне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және Әкімшіге субсидиялау үшін ақша қаражатының кезекті траншын аудару туралы ұсыныс енгізеді.

6. Әкімші сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына, алдыңғы тоқсанның соңғы айында, тиісті қаржы жылында көзделген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін аванстық төлеммен аударды. Бұл үшін Әкімші 3 (үш) жұмыс күні ішінде Оператордың өтінімі негізінде тиісті төлем шоттарын қазынашылық

о р г а н д а р ы н а

ж о л д а й д ы .

7. Қаржы институты қарыз алушыдан сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігін алған кезде қарыз шартқа өтеу кестесіне сәйкес арнайы банк шотынан сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін е с е п т е н

ш ы ғ а р а д ы .

8. Қарыз алушы кредиттік шарт кестесі бойынша сыйақы мөлшерлемесін толық өтеген жағдайда, қаржы институты субсидия сомасын арнайы банк шотынан қарыз алушының есеп шотына аудару жолымен сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтеуді жүзеге асырады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9 . Ә к і м ш і :

1) осы Шартта белгіленген, Тараптар үшін көзделген міндеттемелерді орындау мерзімінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және олардың уақтылы орындалуын талап етуге;

2) қаржы институтынан қарыз алушының өтеу кестесіне сәйкес төлемдерді жүзеге асыру бойынша қаржы институтының алдындағы міндеттемелерді орындау барысы туралы құжаттар мен ақпараттарды сұратып алуға құқылы.

1 0 . Ә к і м ш і :

1) Шартта көзделген мерзімде субсидия сомасын қаржы институтының арнайы банк шотына аударуға;

2) республикалық бюджетте қаражат болмаған жағдайда, субсидияны аудару мүмкін еместігі туралы қаржы институтын хабардар етуге;

3) Оператор осы Шарттың 5-тармағында көрсетілген құжатты жолдағаннан кейін, Әкімші күнтізбелік отыз күн ішінде ақша қаражатын аудармаған немесе қаржы институты оны алмаған жағдайда, мұндай факт анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Операторды хабардар етуге міндеттенеді.

1 1 . О п е р а т о р :

1) өзінің құқықтарын және өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін қаржы институтынан қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және банк құпиясы қамтылған мәліметтерді, субсидиялау рәсіміне қатысатын қарыз алушы туралы құжаттар мен ақпаратты сұратуға және оларды алуға;

2) құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған не белгіленген нысанға сәйкес емес құжаттарды ұсынған немесе өтінім сомасы сәйкес келмеген жағдайда, құжаттарды алған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде осы Шарттың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды қаржы институтына пысықтауға қайтаруға қ ұ қ ы л ы .

1 2 . О п е р а т о р :

1) осы Шартта белгіленген мерзімде өтінім сомасы мен субсидиялау кестесіне

сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға. Өтінім деректері сәйкес келмеген жағдайда , осы факті туралы қаржы институтын хабардар етуге;

2) сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін есептен шығару үшін қаражаттың нақты пайдаланылуы тұрғысынан есептерді тексеруді жүзеге асыруға ;

3) осы Шартта белгіленген мерзімде өтінім сомасы мен қарыз алушыларды субсидиялау кестесінің сәйкестігін тексеру негізінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін ақша қаражатының кезекті траншын аудару туралы Әкімшіге тиісті ұсыныстар енгізуге ;

4) Оператор тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 30 (отызы) күніне дейін Әкімшіге осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияның нақты пайдаланылуы туралы есепті жолдайды;

5) осы Шарт талаптарын өзгерту, Қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды тоқтату туралы мәселені Субсидия қаражатын бөлу жөніндегі комиссияның қарауына енгізуге ;

6) Қарыз алушының кредитті мақсатты пайдалануына, Қарыз алушының негізгі борышының бөлігі мен сыйақыны уақытылы өтеуіне, Қаржы институты ұсынған құжаттардың негізінде субсидияланатын кредит шартын Қарыз алушының мерзімінен бұрын өтеуіне мониторингті жүзеге асыруға және Әкімшіні хабардар етуге міндетті.

13. Қаржы институты :

1) Қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату жағдайын қоспағанда, Әкімшіден осы Шарттың шеңберінде көзделген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін уақтылы аударуды талап етуге ;

2) Қарыз алушыны субсидиялауға арналған қаражаттың жеткіліксіздігі туралы Әкімшіні хабардар етуге ;

3) Қаржы институтының ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпте Қарыз алушының міндеттемелерін өтеу кестесіне өзгерістер енгізуге құқылы.

14. Қаржы институты :

1) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін операторға осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есеп ұсынуға «20 ____ жылғы ____ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп» нысаны осы Шартқа сәйкес 4-қосымшада көрсетілген түсіндірме бойынша толтырылады);

2) Қарыз алушы негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша міндеттемелерді қатарынан 3 (үш) айдан артық уақыт орындамаған жағдайда, осы факті анықталған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде бұл туралы операторға жазбаша хабарлауға ;

3) қолданыстағы қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі,

сыйақыны төлеу мерзімдері, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге шегеруді ұсыну) өзгерген жағдайда, операторға қаржыландыру шарттарын өзгерту жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін қоса отырып хат, негізгі борышты, сыйақыны және субсидиялар көлемін өтеудің жаңартылған к е с т е с і н ж о л д а у ғ а ;

4) операторға осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аударуға арналған өтінім ұсынуға міндетті.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Тараптардың жауапкершілігі

15. Осы Шарт бойынша Тараптар осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

6. Форс-мажорлық жағдайлар

16. Егер орындаудың мүмкін еместігі форс-мажорлық жағдайлардың салдары болса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

17. Форс-мажорлық жағдайлар басталған кезде, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау мүмкіндігі туындаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай жағдайлар туралы екінші Тарапты уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте форс-мажорлық жағдайлардың сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуға тиіс.

18. Уақтылы хабарлау болмаған кезде Тарап екінші Тарапқа хабарламаудан немесе уақтылы хабарламаудан келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

19. Форс-мажорлық жағдайлардың басталуы осы Шарттың орындалу мерзімін олардың әрекет ету кезеңіне ұлғайтуға әкеліп соғады.

20. Егер мұндай жағдайлар қатарынан үш айдан артық жалғасатын болса, онда Тараптардың кез келгені осы Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

7. Қорытынды ережелер

21. Хат-хабар тиісті түрде ресімделген (хат-хабар бланкіде берілген немесе мөрмен бекітілген, басшының қолы қойылған және тіркеу нөмірі, күні жазылған кезде, ол тиісті түрде ресімделген болып саналады), қолма-қол табысталса, қатысушы Тараптың мекенжайына почта арқылы (хабарламамен қоса тапсырыс хатпен) немесе курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, ол тиісті түрде

ұсынылған немесе жолданған болып саналады.

22. Осы Шарт талаптарының, оның ішінде осы Шарттың қолданылу мерзімінің кез келген өзгертілуі, тоқтатылуы, егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылған Тараптардың қосымша келісімімен ресімделеді.

23. Осы Шарт бойынша туындайтын барлық наразылықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес қойылуға тиіс. Бұл ретте Тараптар дауларды, наразылықтарды міндетті түрде сотқа дейінгі шешу тәртібі туралы келісті. Барлық жағдайларда қолданылуға тиіс заңнама Қазақстан Республикасының заңнамасы болып табылады.

24. Осы Шарт барлық Тараптардың уәкілетті өкілдері қолдарын қойған күннен бастап күшіне енеді және субсидиялау кестесі сәйкес кредиттік шарттар мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

25. Осы Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

26. Осы Шарт заңдық күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде 6 (алты) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бірден екі данада жасалды. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

27. Осы Шартқа 1, 2, 3-қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

8. Тараптардың мекенжайлары, банк деректемелері, қолтаңбалары

Әкімші:	Оператор:	Қаржы институты

Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартына 1-қосымша

Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға республикалық бюджеттен қаражат аударуға арналған өтінім

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.08.2015 № 9-1/723 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы _____ қаржы институты тиісті «Ауыл шаруашылығын қолдауға берілетін кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен 20__ жылғы _____ № _____ субсидиялау шартына сәйкес республикалық бюджеттен қаржы институтының № _____ шотына _____ кезеңге _____ теңге сомасында қаражат аударуды сұрайды.

Қаржы институтының басшысы _____
(қолы, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартына 2-қосымша

Комиссия отырысының 201__ жылғы «__» _____ № _____ хаттамасына сәйкес субсидиялауға жататын Қарыз алушылардың міндеттемелерін өтеу кестесі

Р/с №	Қарыз алушының атауы	Кредиттік шарттардың жасалған күні, нөмірі	Кредиттің / лизингтің нысаналы мақсаты	Кредиттік шарттың сомасы, теңге	Кредиттік шарт бойынша негізгі борышты қайтару мерзімі	Кредиттік шарт кестесі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі, %			Кредиттік шарттың барлық мерзіміне сыйақы мөлшерлемесінің сомасы, теңге			Жал
							1	2	3	4	5	6	
						10.01.14							
						10.04.14							
						10.07.14							
	Жиыны												

кестенің жалғасы

2014 жыл

--	--	--

					Хаттамасы бойынша бекітілген), теңге	барлығы	оның ішінде есепті кезеңде	барлығы	оның ішінде есепті кезеңде	барлығы (7 - бағана - 9-бағана	кезеңде (8 - бағана - 10-бағана)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	
	Жиыны:												

Қаржы институтының басшысы _____

(қолы, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

«20 ____ жылғы ____ тоқсан

үшін субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп»

нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. «20 ____ жылғы ____ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп» нысанын Қаржы институты операторға тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін, оператор Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін ұсынады.

2. Нысан мынадай нұсқада толтырылады:
«Р/с №» деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;
«Қарыз алушының атауы» деген 2-бағанда субсидиялауға мақұлданған қарыз алушы көрсетіледі;

«ЖСН/БСН» деген 3-бағанда қарыз алушының жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

«Шарттың № және күні» деген 4-бағанда қарыз алушының қарыз шартының нөмірі және күні көрсетіледі;

«Кредит сомасы, теңге» деген 5-бағанда жасалған қарыз шартында көрсетілген кредиттің жалпы сомасы және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

«Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі бойынша барлық көзделгені (комиссия Хаттамасы бойынша бекітілген), теңге» деген 6-бағанда шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне көзделген субсидия сомасы және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

«Барлық аударылған субсидиялар, теңге» деген 7, 8, 9 және 10-бағандарда аударылған субсидиялар қаражатының жалпы нақты көлемі, оның ішінде есепті кезең үшін әкімші қаржы институтына және қаржы институты қарыз алушыға

аударған субсидиялар көлемі және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

«Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге» деген 11 және 12-бағандарда әкімші қаржы институтына және қаржы институты қарыз алушыға аударған жалпы нақты субсидия көлемдері арасындағы айырмашылық (11-баған = 7-бағана – 9-бағана), оның ішінде есепті кезең үшін әкімші қаржы институтына және қаржы институты қарыз алушыға аударған субсидиялар арасындағы айырмашылық (12-баған = 8-бағана – 10-бағана) және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

«Пайдаланылмаған субсидияларды әкімшіге қайтару (нақты), теңге» деген 13-бағанда қаржы институты әкімшінің есебіне аударған пайдаланылмаған субсидиялардың нақты сомасы және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

«Қаржы институтының арнайы шотындағы субсидиялардың қалдығы (11-бағана – 13-бағана), теңге» деген 14-бағанда қарыз алушыларға нақты бөлініп берілгеннен кейінгі қалған субсидиялардың сомасы мен әкімшіге пайдаланылмаған субсидиялар сомасының төлемі арасындағы айырмашылық (14-бағана = 11-бағана - 13-бағана) және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі.